

## Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясы туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 12 қараша N 4143. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығының 19-бабына, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

1) Комиссия қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оған қажетті ғимараттар мен үй-жайлар бөлу мәселелерін шешетін болсын;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қолдансын.

3. Комиссия төрағасы он күн мерзімде Комиссия туралы ереженің жобасын; оның дербес құрамы, Комиссия хатшылығының жалпы штат саны жөніндегі ұсыныстарды Мемлекет басшысының қарауына енгізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай: "Қазақстан Республикасының Жоғары тәртіптік кеңесі туралы" 1997 жылғы 21 қазандағы N 3705 (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997, N 47, 431-құжат); "Қазақстан Республикасы Жоғары тәртіптік кеңесінің дербес құрамы туралы" 1997 жылғы 29 қазандағы N 3722 ; "Қазақстан Республикасы Жоғары тәртіптік кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы" 1998 жылғы 28 қыркүйектегі N 4083 Жарлықтарының күші жойылған деп танылсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

